**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**
**СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ**

**MINISTER OF FOREIGN AFFAIRS**
**REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**Абылай хан атындағы**
**Қазақ халықаралық**
**қатынастар және әлем тілдері**
**университетінің ректоры,**
**профессор, ҰҒА академигі**
**С.С. Құнанбаеваға**

**Құрметті Салима Сағиқызы!**

Сізді университеттің негізі қалануының 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы уақыт ішінде Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті еліміздің халықаралық қатынастар саласында аса қажетті мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарының көшбасшысы атанды.

Қазіргі таңда университет түлектері әлемнің әр түпкірінде түрлі жауапты қызметтер атқарып, Елбасымыздың сыртқы саясатын жүргізіп, тәуелсіз еліміздің ұлттық мүддесін белсенді қорғауда. Отандық дипломаттар өздерінің жоғары кәсіпқойлығымен, ерекше ойлау қабілетімен және қызықты да қиын кәсібіне шексіз адалдығымен ерекшеленеді. Мұның бәрі – университет оқытушыларының және ауқымды мәселелерді шешуге қабілетті басшылығының ерен еңбегінің жемісі.

Осы мерейлі сәтке орай университет ұжымына, оның профессорлық-оқытушылар және әкімшілік құрамына зор денсаулық және Еліміздің тәуелсіздігін барынша нығайту әрі оның қарқынды дамуы мен өсіп-өркендеуі жолындағы қызметінде жаңа табыстар тілеуге рұқсат етіңіз.

Ізгі ниетпен,

**Қайрат Әбдірахманов**

Астана қаласы
2017 жылғы 17 сәуір